

«Шымырлық пен шеберлік күні» байқауы


Әтілу мерзімі: 2022 жыл сәуір

АНЫҚТАМА

№53 «Ер-Асыл» бөбекожай бақшасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен балалар жылы аясында мектепке дейінгі ұйымдар арасында ұйымдастырылған «Шымырлық пен шеберлік күні» байқауы қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған қалалық байқаудан II-ші орын иелендік.

Мақсаты: Қазақ халқының мәдени мұрасымен, салт-дәстүрлерімен және ұлттық ойындарымен таныстыру және балалардың танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын, белсенділігін қалыптастыруға ықпал ету.







ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТАЫ
№53 «ЕР-АСЫЛ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚҚ

«Шымырлық пен шеберлік күні»
байқауы іс-шара жоспары

Шымкент қаласы

2022 жыл

Тақырыбы: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Шымырлық пен шеберлік күні » байқау іс-шара жоспары.

Мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақ халқының салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына, ұлттық ойындарға және еңбекке баулу. Балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін, қызығушылықтарын белсенділіктерін қалыптастыру.

Алаң мерекеге сай ұлттық нақышта безендірілген.

Журналист: Арма ағайын! Эфирде жаңалықтар легі. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Шымырлық пен шеберлік күніне » үйимдастырылған байқауға біз де келіп қалдық. Бұл байқауға № 53 «Ер-Асыл» бөбектай- бақшасы қатысқалы отыр екен. Ендеше бұл іс-шараны бәріміз бірге тамашалайық. Ал кеттік.

Әже: (Қолында шашуы бар шашу шашады.)

-Амансыздар ма! Қош келдіңіздер!

Біздің қаймағы бұзылмаған қазақи ауылымызға.

Салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз «Әке көрген оқ жонар, Шеше көрген тон пішер» -деп дана бабаларымыз айтқандай ұлттық болмысымызды айқындал, жас үрпаққа дәріптеу мақсатында өткізіліп жатқан біздің ауылымыздың тыныс-тіршілігімен танысыңыздар.

1-орталық: «Ұлттық асхана».

Әже: « Ас атасы нан» демекші тезек көмбеге пісіріліп жатқан тапа наннан, күбідегі пісіліп алынып жатқан сары майдан ауыз тиіңіздер.

Журналист: Ал мына жерде қазан қайнап жатыр екен. Қандай ас дайындалып жатқанын білейікші.

Әже: (Айсара әже наурыз көже туралы айтып өтеді. Тары-талқан , құрт жасап жатқан, келімен түйіп жатқан жұмыстарын қыздарына үйретіп отырады).

2-орталық: «Киіз басу».

Әже: (Айман әже өзінің құрбыларымен ән айтып, киіз басып отырады.)

Айман әженің құрбылары қыздарыменен жұн түтіп, үршық иіріп, сабау сабап отырады.

3-орталық: «Өнер орталығы»

Келін: (Айман келін фетрмен жұмыс жасап, қасындағы балаларға үйретіп отырады).

Келген көрермендерге жасап жатқан жұмысын, қойылған заттардың қалай жасағандығын көрсетіп, түсіндіріп өтеді.

4-орталық: «Тігін орталығы»

Әже: (Гүлзахира әже құрақ көрпе тігіп немерелері қиып отыр).

Журналист: Қазағымның салт-дәстүрі жаңғырған,
Тәлімді ой сынағы, тәрбие көзі қалдырған.
Салт-дәстүрді ардақтайық, ағайын.
Қазақ атты үлкен, кіші балдырған.
Жиналыппыз сәтті күні бәріміз де,
Үлкен, кіші, жасымыз, кәріміз де.
Төрлетініз, қадірменді қонақтар.
Гүл-гүл жайнап мына біздің төрімізге.

Ұлбосын Әже: Құрметті қонақтар, көрермендер мына журналист қызымыз біздің балабақшаның түлегі еді. Бүгінгі мерекелік іс-шарамызды әрмен қарай жалғастыруды осы қызымызға ұсынайық.

Журналист: Құлактан кіріп бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй

Көңілге түрлі ой салар

Әнді сүйсөң менше сүй, - деп дана Абай атамыз айтқандай балабақшамыздың музыка жетекшісімен бірге бүлдіршін қыздарымыздың орындауында «Айым болып тудың ба» балалар әнін тамашалаңыздар.

Ән: Ауылым (Ата-аналардың орындауында)

Журналист: Қазақта асықпен ойналатын ойынның түрлері өте көп. Сондай-ақ асықпен тек ер балалар емес, қыз балалар да ойнайтын болған. Міне сондай ойындардың бірі хан талапай ойыны. Ендеше ойынымызды бастайық.

Хан талапай ойыны

Хан талапай – қазақтың ұлттық ойындарының бірі

Ойынның мақсаты: Межелеген асықты атып алу. Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа, мергендікке, батылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

(Маржан балалармен шығып, ойын ойналады).

Журналист: Тұлпар құлышнан,

Батыр баладан- дей келе балаларымыздың батырлар биін тамашаланыздар.

Ән: «Қазақстаным» Бақшаның музыка жетекшісі :Турдалиева

Журналист: «Өнер- таусылмас азық, жұтамас байлық» - деген халық даналығы. Әр халықтың өзіндік ұлттық өнері болады. Қолөнер халқымыздың қасиетімен ұрпақтан ұрпаққа жалғасып тамырын теренге жайып келе жатқан мұрасы.

Тәрбиеші: Бердиярова Гульнасия Жумалиевна Қазақтың ұлттық өнері – киіз басу қазіргі заманымыздың көптеген басқа ұлт өкілдерінің де сүйікті ісіне айналыпты. Ата-бабамыз, шебер әжелеріміздің ұмытылып бара жатқан қолөнерін жаңартып жаңғырту бізге қалдырган асыл мұрасы, кейінгі ұрпаққа аманат ету, ол біздің басты міндетіміз. Қазіргі заманғы жаңа технологиялар жылдың кез келген уақытында, шағын орындарда жасауға мүмкіндіктер береді. Киіз бүйімдар дайындау. тіпті балаларымыздың да қолынан келіп жаты. Бүгінгі «Әке көрген оқ жонар шеше көрген тон пішер» қолөнер байқауымызда жаңа технология арқылы «Оюлы текемет» басу шеберлігін көрсетуге келген балабақшамыздың ата-анасы Хасанова Мадинаны қызы Садық Жаниямен ортаға шақырайық.

«Оюлы текемет» тақырыбында жүнмен жұмыс жасап көрсетеді.

Журналист: Бойына бар сұлулық жиылғандай,

Ақ балтыр ақ мәрмәрдан құйылғандай

Жарқ етіп шыға келдіңдер жұрт алдына

Биши қыздар ғажап еді биін қандай, - дегендег «Бипыл» биін тамашаланыздар.

Журналист: Құрметті қонақтар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақ халқының салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыштарына, ұлттық ойындарға және еңбекке баулу. Балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін, қызығушылықтарын белсенділіктерін қалыптастыру мақстасында өткізілген іс – шарамыз өз мәресіне жетті.

Көңіл қойып тыңдағандарынызға көп рахмет.